

Әйтеке би ауданының Украинка елді мекенін Қайранкөл ауылы деп қайта атау туралы

Күшін жойған

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімиятының 2008 жылғы 18 маусымдағы № 216 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихатының 2008 жылғы 18 маусымдағы № 98 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 15 шілдеде № 3262 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 359 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Әйтеке би аудандық мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының ұсыныстары негізінде, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Әйтеке би ауданының Украинка елді мекені - Қайранкөл ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Облыстық мәслихаттың сессия
төрағасы

Е. САҒЫНДЫҚОВ
Ғ. НҰРЫШЕВ